



**Рудный индустриялық университеті
(Рудный, Қазақстан)**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен оқушылар!
Рудный индустриялық университеті **2026 жылғы 23-24 сәуірде** жас ғалымдардың,
магистранттардың, студенттер мен оқушылардың
«ТУҒАН ӨЛКЕ-ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БАРЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізеді

Конференция бағдарламасында пленарлық мәжіліс, секциялық жұмыстар және тақырыптық пікірталастар өткізу қарастырылған.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары (секциялар):

1. Өнеркәсіптегі инженерлік технологиялар және цифрлық шешімдер
2. Тау-кен металлургия кешеніндегі инновациялық технологиялар мен перспективалар
3. Инновациялық технологиялар Қазақстанның стратегиялық даму векторы ретінде
4. Әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын дамытудың мәселелері мен перспективалары
5. Қазақстанның тұрақты дамуының жаһандық трендтері

Конференцияға қатысу үшін өтінімдер **2026 жылдың 1 сәуіріне** дейін қабылданады.

Конференцияға қатысу нысаны: күндізгі, сырттай.

Талқылауларды өткізу нысаны: пленарлық және секциялық мәжілістер.

Конференцияға қатысу шарттары:

- белгіленген мерзімде өтінім мен баяндама мәтінін жолдау;
- баяндама толтырылған өтінімге жеке файл ретінде тіркеледі;
- конференцияға қатысу тегін.

Тіркелу шарттары:

Конференцияға қатысу өтінімі мен баяндама мәтіні (электрондық түрде .doc немесе .docx форматындағы екі бөлек құжат) **2026 жылдың 1 сәуіріне** дейін қоса берілген нысанға сәйкес conference@rii.edu.kz электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

Баяндамалар ғылыми еңбектер жинағында (ISBN тағайындауымен) жарияланатын мақала түрінде ресімделуі қажет. **Антиплагиат жүйесіндегі тексеру** нәтижесі мәтін түпнұсқалығының кемінде 75%-ын көрсетуі тиіс.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Ұйымдастыру комитеті баяндамаларды ресімдеу кезінде келесі ережелерді ескеруді сұрайды.

Баяндама мәтіндері көлемі *5 толық бетке дейін* машинкамен басылған мәтін түрінде MS Word редакторында, Times New Roman қарпімен, 14 өлшемде, жоларалық интервалы 1, абзацқа дейін және одан кейін интервалсыз теріледі. Барлық өрістері 20 мм-ден орнатылады, мәтін ені бойынша теңестіріледі. Абзац шегі – 1,25 см, тасымалдар қойылмайды, беттер нөмірленбейді.

Баяндаманың атауы бас әріптермен, жартылай қою қаріппен, ортаға, нүктесіз теріледі. Бір интервалдан кейін төменде ортаға автордың тегі, аты, әкесінің аты, курсы, ұйымның толық атауы, e-mail көрсетіледі. Содан кейін бір интервалдан соң – ғылыми жетекшінің тегі, аты-жөнінің бас әріптері, ғылыми дәрежесі, лауазымы, ұйымның толық атауы жазылады. Негізгі мәтін бір интервалдан кейін басталады.

Әдебиеттер тізімі соңында бір интервалдан кейін жалпы тізім түрінде ресімделеді, нөмірленуі үздіксіз болады. Мәтіндегі дереккөздерге сілтемелер сөйлемнің соңында тік жақшамен ресімделеді.

Суреттер мен кестелер (екіден аспауы тиіс) мәтінде нөмірленеді: суреттердің нөмірлері суреттің астына ортадан, кестелердің нөмірі мен атауы – кестенің үстінде сол жақ жиек бойынша көрсетіледі.

Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ / орыс / ағылшын.

Барлық материалдар конференцияның арнайы электрондық поштасына (conference@rii.edu.kz) жолданады. Хаттың тақырыбында автордың (авторлардың) тегі, сондай-ақ жұмыс тиесілі секция көрсетілуі қажет.

Файлдар келесі үлгі бойынша аталуы тиіс:

- Мақала_Тегі.docx;
- Өтінім_Тегі.docx.

Өтінім жеке Word файлында толтырылады. Өтінімнің бір өрісінде келесі жолға көшуді (Enter), сондай-ақ мынадай түрдегі қосымша ақпаратты қолдануға жол берілмейді: «~~электрондық пошта мекенжайы: почта@домен.кз / телефон нөмірі: 81234567891~~».

Егер авторлар бірнешеу болса, онда олардың мәліметтерін әр өрісте « ; » белгісі арқылы бөле отырып, бір өтінімде көрсету қажет.

Қатысу нысанын белгілеу үшін тек қысқаша атаулар қолданылады: «СЕКЦИЯ», «ПЛЕНАРЛЫҚ», «СЫРТТАЙ».

Секция төрағаларының байланыс ақпараты бөлек беріледі немесе сұрату бойынша ұсынылады. Күндізгі нысанда қатысу мәселелерін тікелей конференция ұйымдастырушыларымен шешу қажет. Ғылыми жетекшінің тегімен бірге оның ғылыми дәрежесі мен лауазымы міндетті түрде көрсетіледі.

Мақалаларда **жасанды интеллектіні пайдалануға** Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі жасанды интеллектіні пайдалану бойынша ЖОО-аралық стандартында (<https://www.rii.edu.kz/wp-content/uploads/2025/02/Межвуз-стандарт-по-ИИ.pdf>) рұқсат етілген шеңберде жол беріледі.

Баяндама редакциялауға жатпайды және түпкілікті нұсқада қабылданады. Конференция материалдарының жинағы тікелей көшіру әдісімен қалыптастырылады, сондықтан жоғарыда көрсетілген барлық талаптарды қатаң сақтау қажет.

Байланыс телефоны: 8(71431)50280(107)

Мурзабай Гульнұр Бауржанқызы

e-mail: conference@rii.edu.kz

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Исламов Арслан Мауленович, 2 курс студенті

Рудный индустриялық университеті

E-mail: aslan_d@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:

Ибрагимов С.Т., э.ғ.к., аға оқытушы

Рудный индустриялық университеті

Негізгі мәтін.....

.....[1].

1-сурет – Суреттің атауы (ортаға)

1-кесте – Кестенің атауы (абзацтық шегініссіз)

Әдебиеттер тізімі:

1. Сагинова О.В., Сагинов Ю.Л. Задачи подготовки предпринимателей в контексте концепции устойчивого развития // Российское предпринимательство. – март 2020. - №6 (204).-С.176.

2. Воробьев В.Р. Устойчивое развитие. – М.: ИНФРА-М, 2019-215 с.

3. Парманова О.А., Мухадиева К.С Развитие цифровой экономики в Казахстане. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <https://moderninnovation.ru/images/PDF/2018/27/razvitie-tsifrovoj.pdf>

4. Воробьев П., Новости Перми за 30.03.2022. Главы Перми и Екатеринбурга подписали соглашение о сотрудничестве между городами - Муниципальное образование город Пермь : [сайт]. - URL: <https://gorodperm.ru/> (дата обращения: 02.04.2024)

Жіберілген жұмыс конференцияның редакциялық алқасына жолданады және мақұлданған жағдайда, автордың электрондық поштасына мақаланың жариялауға қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Егер автор мақаланың қарастыруға және (немесе) жариялауға қабылданғаны туралы хабарлама алмаса, конференцияның ұйымдастыру комитетіне электрондық пошта арқылы хабарласу ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін және/немесе белгіленген мерзімнен кешіктіріліп жіберілген материалдар конференция материалдарының жинағына енгізілмейді және кері қайтарылмайды.

Конференция материалдары бойынша конференция материалдарының электрондық жинағы шығарылады, оған үздік баяндамалар кіреді. Жинаққа ISBN халықаралық индексі беріледі. Pdf форматындағы электронды жинақ университеттің веб-сайтында орналастырылады www.rii.kz.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:

111500, Қазақстан Республикасы, Рудный қ., 50 лет Октября к-сі, 38, тел./факс: 8 (714-31) 50703.

Конференцияны ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мына телефонға хабарласуға болады: 8 (71431) 50882 ішкі 107, Рудный индустриялық университетінің бас ғимараты, 228-кабинет. E-mail: conference@rii.edu.kz

*Сіздердің өтінімдеріңізді күтеміз,
және конференция жұмысына белсенді әрі шығармашылықпен қатысады деп үміттенеміз!*

Жас ғалымдардың, магистранттардың, студенттер мен оқушылардың
«Туған өлке – жас ұрпақ бастамаларының негізі»
 атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына
қатысуға өтінім

1	Қатысушының (-лардың) тегі, аты, әкесінің аты (толық)	Тегі, аты, әкесінің аты. Егер бірнешеу болса, нүктелі үтір арқылы көрсетіңіз - « ; »
2	Қаласы	Рудный
3	Білім беру мекемесінің / ғылыми ұйымның атауы	Университеттің / мектептің / кәсіпорынның толық атауы
4	Автор(-лар) туралы мәліметтер	студент үшін: бакалавр / магистр (курс, кафедрасы, университеті); аспирант / ізденуші үшін (курс, кафедрасы, оқу жылы, университеті); жұмыс істейтіндер үшін: лауазымы, жұмыс орны
5	Баяндама атауы	Баяндаманың толық атауы (тасымалсыз)
6	Секция нөмірі	1 / 2 / 3 / 4 / 5 / 6
7	Ғылыми жетекшісі (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі лауазымы)	Егер жетекші бірнешеу болса, нүктелі үтір « ; » арқылы көрсетіңіз
8	Байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы)	+7 700 700 70 70, почта@домен
9	Қатысу нысаны Біреуін көрсету: - пленарлық баяндама жасау - секция отырысында баяндама жасау - сырттай қатысу	«СЕКЦИЯ» / «ПЛЕНАРЛЫҚ» / «СЫРТТАЙ»
10	Қосымша ақпарат	